Мемлекеттік және тәуелсіз БАҚ, әлеуметтік желілер мен азаматтық блогерлер реформалардың мәнін түсіндірудебелсендіқызметатқаруда. Ақпараттық саясаттың басты мақсаты — реформалардың мәнін түсіндіру және жалған ақпараттың алдын алу. Халық неғұрлым көп білсе, соғұрлым сенім артады. Сондықтан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» идеясын жүзеге асыруда ашық коммуникацияның рөлі ерекше.

***Қорытынды:***

Әділеттіқоғам—баршаныңортақісі Әділетті Қазақстан құру — бір күннің ісі емес. Бұл — ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын үлкен жауапкершілік пен ортақ еңбек. Мемлекет заң мен саясат арқылы бағыт береді, бірақ нағыз өзгеріс әр азаматтың жүрегінен басталады. Бүгінгі реформалардың түпкі мақсаты — әділетті, дамыған, бірлікті ел қалыптастыру. Егер әр қазақстандық өз ісіне адал болып, қоғам игілігі үшін еңбек етсе, онда Әділетті Қазақстан идеясы қағазда емес, өмірде жүзеге асары сөзсіз.

## Алматы — Орталық Азиядағы жаңа туристік хабқа айналмақ

**Алматы соңғы жылдары тек мәдениет пен іскерлік орталық қана емес, сонымен бірге бүкіл өңір үшін маңызды медициналық туризм бағыттарының біріне айналып келеді. Қаланың табиғи климаты, дамыған инфрақұрылымы және жоғары деңгейлі медицинасы шетелден келетін азаматтар үшін Алматыны тартымды дестинацияға айналдыруда.**



Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов мегаполисте медициналық туризмді дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы кеңінен баяндап, бұл бағыттың қаланың жалпы туристік әлеуетін арттырудағы рөліне тоқталды.

Қалада көп деңгейлі заманауи клиникалар жұмыс істейді. Онда жетекші технологиялар енгізіліп, халықаралық стандарттарға сай қызмет көрсетіледі. Сонымен бірге бағасы халықаралық нарықпен салыстырғанда әлдеқайда қолжетімді.

***Пашимовтың айтуынша, Алматының медициналық туризмдегі бәсекеге қабілеттілігі бірқатар факторлармен анықталады:***

жоғары технологиялық аппараттар мен инновациялық емдеу тәсілдері;
тәжірибелі мамандар мен көпсалалы клиникалар;
қолжетімді баға саясаты;
ТМД елдерінен келетін азаматтар үшін тілдік кедергінің болмауы.

«Бүгінде Алматыға Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан сияқты көршілес елдерден ағыла келетін науқастар саны жыл сайын артып келеді. Қала олардың сеніміне ие бола бастады», – деді ол.

***Мегаполисте медициналық туризмді жүйелі түрде дамыту мақсатында:***

шетелдік сақтандыру және ассистэнс компанияларымен әріптестік нығайып,
шетелдік пациенттерге арналған онлайн-консультациялар ұйымдастырылып,
қабылдау және тіркеу жүйесі жеңілдетіліп,
ақпараттық-түсіндіру жұмыстары күшейтілуде.

Қаладағы 25 медициналық ұйым онкология, хирургия, акушерлік іс, урология, психоневрология және терапия бағыттары бойынша жоғары технологиялық қызмет көрсетеді.

Алматы стационарларында биылғы жартыжылдықта 178 шетелдік пациент емделген. Оның 81 — Ресейден, 25 — Өзбекстаннан, 24 — Қырғызстаннан.

***Ең көп сұранысқа ие қызмет түрлері:***

акушерлік және босандыру ісі
онкологиялық ем
хирургиялық операциялар
урологиялық қызметтер
терапевтік кеңес
психиатриялық көмек

Қазақстан заңнамасы бойынша қандастар, босқындар, шетелдіктер, елде тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар КТМКК және МӘМС аясында қазақстандықтармен бірдей деңгейде медициналық көмек алуға құқылы. Бұл Алматының халықаралық пациенттер үшін ашық әрі сенімді қала екенін дәлелдейді.

***Марат Пашимов мегаполистегі медициналық туризмді дамытудың стратегиялық маңызын ерекше атап өтті:***

«Медициналық туризм — бұл тек қосымша экономикалық табыс емес. Бұл қаланың халықаралық беделін көтеріп, денсаулық сақтау сапасын нығайтып, Алматыны инновациялар мен сенімді медициналық қызметтің орталығына айналдыратын бағыт», — деді басқарма басшысы.

Алматы бүгін туризм картасында жаңа мазмұнға ие бола бастады. Табиғи көріністері мен мәдениеті ғана емес, кәсіби медицинасы да мегаполисті ерекше маңызды нысанға айналдырып отыр. Медициналық туризмнің дамуы қаланың жалпы туристік әлеуетін арттырып, Орталық Азиядағы басты wellness & health destination ретінде түпкілікті бекітуге мүмкіндік бермек.

***Олжас ӘБДІХАЛЫҚ***

**Алматы бүгінде елдің мәдени келбетін айқындайтын рухани орталықтардың бірі ретінде дамып келеді. Қалада тарихи нысандарды сақтау, мәдени инфрақұрылымды жаңарту және шығармашылық алаңдарды кеңейту бағытында ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Қала әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов аталған өзгерістерге қатысты тілшімізге кең көлемді ақпараттарымен бөлісті.**

## Алматыда тарихи нысандар мен мәдени инфрақұрылым жүйелі түрде жаңартылып жатыр

Алматыда жүргізіліп жатқан ең ірі мәдени жобалардың бірі — «Райымбек батыр» мемориалдық кешенін жаңғырту. Бұл өз кезегінде қала үшін ғана емес, ел руханияты үшін стратегиялық жоба саналады.

Бейбіт Шаханов мемориалдың тек жөндеу емес, тұтас мәдени-тарихи қайта құрудан өтетінін айтты:

«Жаңғырту жұмыстарының мақсаты — мемориалды еліміздің тарихи жады мен рухани өмірінің маңыз-



ды орталығына айналдыру. Жөндеу аяқталған соң кешен қоғамдық және рухани іс-шараларды өткізуге арналған заманауи, ашық әрі көпфункционалды алаң болады», — деді әкім орынбасары.

Бұл нысан Алматының тарихи-мәдени бейнесін ғана емес, ұлттық кодты ұрпаққа жеткізудің маңызды алаңы болмақ.

2024 жылдың наурызында Н.Сац атындағы мемлекеттік академиялық жасөспірімдер театрының кешенді жаңартылуы басталды. Театрдың инженерлік инфрақұрылымы толық өзгертіліп, қауіпсіздік жүйелері жаңартылады. Ең бастысы — ғимараттың тарихи келбеті сақталады.

Жаңартылған театр 226 заманауи көрермен орнына ие болады, шығармашылық топтың жұмыс жағдайы жақсарады,балалар мен жасөспірімдерге арналған репертуар кеңейеді.

Бұл жоба Алматыны балалар мен жас таланттарды қолдайтын мәдени орталық ретінде күшейте түседі.

Алматының әдеби өмірінің жүрегі саналатын Қазақстан Жазушылар одағының ғимараты да толық жаңғарудан өтуде. Жоба 2026 жылдың басында аяқталады.

Жаңартылған кеңістік әдеби кездесулерге, шығармашылық семинарларға, поэзия кештеріне, кітап таныстырылымдарына, баспа жобаларына арналған әмбебап мәдени платформаға айналады.

Шахановтың айтуынша, бұл жоба ұлттық әдебиетті қолдаудың жаңа кезеңін ашады.

Қалада үш жаңа мәдени жобаның жобалау жұмыстары жүргізіліп жатыр:

Жастар театры
Жаңартылған қалалық цирк
Зообақтың жаңа кешені

Жастар театрынын құрылысы 2026 жылдың наурызында басталады. Бұл — жас актерлер мен режиссерлер үшін жаңа шығармашылық алаң, ал қала тұрғындары үшін жаңа мәдени кеңістік.

Алматы мәдениеті — тарих пен жаңашылдықтың үйлесімі. Қаланың әрбір жобасы ұлттық рухты сақтау мен заманауи мәдениетті дамытуға бағытталған. Бүгінде Алматы тарихи нысандарды жаңғыртып, жаңа шығармашылық орталықтар салып, әдебиет пен театр кеңістігін кеңейтіп, Орталық Азиядағы басты мәдени хабқа айналу жолында нық қадам басып келеді.

***Олжас ӘБДІХАЛЫҚ***

## Kazak Tazısı: Bozkırın efsanevî köpeği dünya sahnesinde

**Kazakistan'ın kadim göçebe kültürünün simgelerinden biri olan Kazak Tazısı, sadece bir av köpeği değil; bir kültür mirası ve ulusal hazine olarak yeniden gündeme geliyor. Devlet koruması altına alınan bu zarif ve sadık dost, uluslararası tanınırlık yolunda ilerliyor.**

Kazak bozkırlarının efsanevi köpeği tazı, sadece bir av hayvanı değil; bir kültür mirası ve ulusal simge olarak yeniden gündemde.

Kazakistan'ın uçsuz bucaksız bozkırlarında yüzyıllardır insanlarla birlikte yaşayan Kazak Tazısı, zarif yapısı, hız ve çevikliğiyle tanınıyor. Göçebe kültürünün en değerli varlıkları arasında yer alan bu köpek, Kazak halkının "Zheti Kazına" yani "Yedi Hazine"sinden biri kabul ediliyor. Geçmişte bir Kazak'ın, bir tazı karşılığında onlarca atını vereceği söylenir; bu da ona duyulan saygının en çarpıcı göstergesidir.

### AVCILARIN SADIK DOSTU

Tazı, tarih boyunca kurt sürülerinden tavşan, tilki, geyik ve yaban domuzuna kadar birçok avın peşine düşmüştür. Sadece hız ve çevikliğiyle değil, aynı zamanda zekâsı ve sahibine olan bağlılığıyla da Kazak göçebelerinin hayatında önemli rol oynamıştır.

Atletik gövdesi, derin göğsü ve uzun bacaklarıyla dikkat çeken tazının tüyleri kısa ve parlaktır. Kulak ve kuyruk kısımlarında daha uzun tüyler bulunur. Erkekleri 60-72 cm, dişileri ise 55-60 cm boya ulaşabilir. Ağırlıkları ortalama 20-35 kg arasında değişir. Karakter olarak bağımsız, yabancılara karşı temkinli fakat sahibine son derece sadık olan tazı, 12-15 km/s hızla uzun mesafe koşabilme yeteneğine sahiptir.

### DEVLET KORUMASI ALTINDA

Son yıllarda nesli azalan Kazak Tazısı için devlet düzeyinde koruma çalışmaları başlatıldı. 2 Ocak 2023'te Cumhurbaşkanı Kasım Cömert Tokayev'in kararıyla bu ırk resmî olarak devlet koruması altına alındı. Ayrıca "Kansonar" Derneğinin öncülüğünde yapılan genetik çalışmalarla yazının DNA profili çıkarıldı ve benzersizliği bilimsel olarak tescillendi.

### ULUSLARARASI TANINIRLIK

Eylül 2024'te, köpek ırklarını dünya çapında tanıyan Uluslararası Köpek Federasyonu (FCI), Kazak Tazısı'na ön tanınırlık verdi. Bu adım, tazının önümüzdeki yıllarda uluslararası düzeyde tam anlamıyla resmî bir ırk olarak kabul edilmesinin yolunu açtı. Kazak hükûmeti ayrıca 1,4 milyar tenge (yaklaşık 3 milyon dolar) bütçe ayırarak genetik altyapı ve koruma merkezleri kurmayı hedefliyor.

### GELECEĞE UZANAN YOL

Geleneksel avcılığın önemini yitirmesiyle birlikte tazı, günümüzde şehir yaşamında da insanlara eşlik ediyor. Sadakati, zarafeti ve enerjisiyle sadece bir av köpeği değil, aynı zamanda modern yaşamda bir dost olarak da değer kazanıyor. Uluslararası tanınırlık süreci, Kazak Tazısı'nı önümüzdeki yıllarda dünya çapında daha görünür kılacak gibi görünüyor.







## АЛМАТЫДА ІРІ СПОРТТЫҚ НЫСАНДАР САЛЫНЫП ЖАТЫР

**Алматы спорт пен салауатты өмір салтын дамытуда жаңа белеске қадам басты. Қала әкімдігі соңғы жылдары спорт инфрақұрылымын кеңейтуге, тұрғындардың бұқаралық спортқа қолжетімділігін арттыруға және халықаралық талаптарға сай жаңа нысандар салуға бағытталған ауқымды жобаларды жүйелі түрде іске асырып келеді. Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов осы бағыттағы жұмыстар туралы тілшімізге жан-жақты мәлімет берді.**



Алматының басты брендтерінің бірі саналатын «Медеу» спорт кешені 2024 жылдан бастап екі жылдық кешенді жаңғыртудан өтіп жатыр. Бұл — тек инфрақұрылымдық жөндеу емес, спорттық-туристік орталықты халықаралық деңгейге шығаруға бағытталған ірі стратегиялық жоба.

Әкім орынбасарының айтуынша, жаңғырту жұмыстары аяқталған соң «Медеу» ТМД елдері бойынша ең озық спорт айдынына айналады.

«Біздің міндет — «Медеуді» Алматының ғана емес, бүкіл өңірдің спорттық туризм орталығына айналдыру. Жаңғырту аяқталған кезде кешен халықаралық стандарттарға толықтай сай болады және келушілер үшін бұрын-соңды болмаған деңгейде ыңғайлы алаңға айналады», — деді Бейбіт Шаханов.

Жоба аясында мұз айдынының технологиялық жүйелері жаңартылып,жарық, қауіпсіздік және суыту қондырғылары заманауи стандартқа бейімделіп,туристер мен спортшыларға арналған инфрақұрылым қайта жасалуда.

Бұл Алматының қысқы спорттағы имиджін айтарлықтай күшейтеді.

Алматыда тек орталық нысандар ғана емес, тұрғындарға қолжетімді шағын спорт орталықтары да көптеп салынуда. Бұл — бұқаралық спортты дамытуға арналған ең тиімді қадамдардың бірі.

2024 жылы Наурызбай ауданында, Түрксіб ауданында олимпиадалық бассейні бар екі дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталады.

Келесі жылы тағы төрт ірі спорт кешені Саялы, Ақжар, Қарасу, Шұғыла шағынаудандарында салынады. Бұл кешендерде баскетбол, жүзу, күрес, гимнастика және әмбебап спорт залдары қарастырылған.

Шахановтың айтуынша, жаңа нысандар қала тұрғындарының спортқа қолжетімділігін арттыруда шешуші рөл атқарады:

«Алматы — еліміздің спорт кадрларын дайындайтын негізгі орталықтардың бірі. Сондықтан спорт инфрақұрылымы қала халқының барлық бөлігі үшін тең әрі қолжетімді болуы тиіс. Жаңа кешендер — балалар мен жастардың жүйелі түрде спортпен айналысуына жасалған маңызды инвестиция», — деді ол.

Алматыда салынатын ең ірі спорттық жобалардың бірі — 35 мың көрерменге арналған жаңа футбол стадионы. Бұл нысан UEFA-ның 4-санат талаптарына сай болады. Яғни халықаралық матчтар мен ірі турнирлер қабылдауға толық мүмкіндік береді.

Жаңа стадион халықаралық жарыстарды өткізуге, футбол индустриясын дамытуға, спорттық туризмді күшейтуге зор серпін береді.

Әкім орынбасары бұл жоба Алматының спорттық картасында үлкен өзгеріс жасайтынын атап өтті:

«Бұл стадион — тек спорт нысаны емес, Алматының жаңа символдарының біріне айналады. Халықаралық деңгейдегі жарыстарды қабылдау қаланың туристік ағынын арттырып, экономикалық белсенділікке де оң әсер етеді», — деді Шаханов.

Алматыда балалар мен жасөспірімдер спортына ерекше көңіл бөлінуде. Соңғы үш жылда қалада 150-ден астам ашық спорт алаңы, 20-дан астам мектеп жанындағы жаңа спорт залдары, футбол және көпсалалы спорт секциялары ашылды.

Алдағы жылдары қала бойынша бұқаралық спортпен айналысушылар санын 30%-дан 50%-ға дейін жеткізу мақсаты қойылған.

Жаңғыртып жатқан нысандар мен жаңа құрылыстар тек қаланың ішкі спорт инфрақұрылымын дамыту үшін емес, бүкіл өңірден турист тартуға бағытталған.



Қала қысқы спорт, тау туризмі, триатлон, футбол, қалаішілік марафондар сияқты бағыттарды белсенді дамытып жатыр. Алдағы жылдары Алматы халықаралық спорт шараларының тұрақты алаңына айналуы мүмкін.

Алматы бүгінде спортты дамытуда ел бойынша ғана емес, Орталық Азия көлемінде үлгі боларлық қарқынға ие. Жаңа нысандардың салынуы, «Медеудің» жаңаруы, UEFA-ға сай стадион құрылысы, шағынаудандардағы спорт кешендері — мегаполисті шын мәнінде спорт астанасына айналдырады.

***Олжас ӘБДІХАЛЫҚ***



## Алматыда креативті индустрия бойынша бизнес жобаларға қомақты қолдау көрсетілуде

**Алматы бүгінде жай ғана мегаполис емес – шығармашылық идеялар мен инновациялардың аймағына айналып келе жатқан «креативті қала». Бұл трансформация кездейсоқ емес. Соңғы жылдары шағын және орта бизнеске қолдау тетіктерінің күшеюі, әсіресе креативті индустрияны дамытуға бағытталған қаржылық бағдарламалардың іске қосылуы қаланың экономикалық болашағын түбегейлі өзгертіп отыр.**

Осы экожүйенің орталығында 2019 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Almaty Business — 2025» бағдарламасы тұр. Қала кәсіпкерлеріне берілген 52,7 млрд теңге жеңілдетілген қаржы тек өндіріс пен қызмет көрсету саласын ғана емес, креативті индустрияны да жаңа деңгейге көтерді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, шығармашылық пен инновацияға негізделген салалар тек экономикаға табыс әкеліп қоймай, қаланың мәдени кодын қалыптастырады. Алматы да осы бағытқа бет бұрды.

«Almaty Business — 2025» бағдарламасы арқылы берілген несиелер:

дизайн бюролары,
архитектуралық студиялар,
IT—стартаптар,
ойын өндірісі,
медиаконтент жасау,
шағын өнеркәсіптік парктердегі шығармашылық шеберханалар

сияқты бағыттарды дамытуға тың мүмкіндік берді.

Бағдарлама іске қосылғаннан бері 18 өнеркәсіптік және креативті парк салынуы – бұл қаланың жаңа индустриялық картасы қалыптасып жатқанын дәлелдейді. Мұндай орталықтар жас дизайнерлер, инженерлер, контент-мейкерлер, өнертапқыштар мен қала брендін жасайтын шығармашылық мамандардың басын қосуда.

2% немесе 6% мөлшерлememен берілетін жеңілдетілген несие – Қазақстандағы ең қолжетімді қаржыландырудың бірі.

2% – әлеуметтік осал топтан шыққан кәсіпкерлерге
6% – барлық басқа ШОБ субъектілеріне

Несие мерзімі – 7 жылға дейін, бұл шығармашылық салаларға өте қолайлы, себебі креативті индустрияда инвестицияның қайтарымы бірден болмайды.

2025 жылдың 9 айының көрсеткіші бойынша 70 жоба қаржыландырылған, 9,8 млрд теңге бөлінген, 793 жаңа жұмыс орны ашылған.

Креативті экономика үшін бұл – ірі көрсеткіш. Себебі әр шығармашылық жобаның артында жаңа мамандықтар, жаңа қызмет түрлері, жаңа қала мәдениеті қалыптасады.

Жеңілдетілген несиенің тиімділігін нақты мысал дәлелдейді. Көпір құрылымдарын дайындайтын «АЗМК Group» компаниясы 6 пайыздық несие алып лазерлік жабдық, автоматты дәнекерлеу кешендері, жаңа станоктар сатып алып, өндірісін үш есе арттырған. Бұл классикалық өнеркәсіптің өзі инновация мен цифрландыру арқылы креативті бағытқа өтетінін көрсетеді.

Креативті индустрия тек мәдениеттің бөлігі емес. Ол қала экономикасын әртараптандырады, жаңа жұмыс орындарын ашады, жастарды жаңа мамандықтарға бағыттайды, қаланың халықаралық имиджін күшейтеді.

«Almaty Business — 2025» бағдарламасы дәл осындай өзгерістердің катализаторына айналды.

52,7 млрд теңге – бұл тек бөлінген қаржы емес, қалаға тартылған жаңа энергия, жаңа идеялар, жаңа жобалар.

Қаланың дамуы тек инфрақұрылыммен өлшенбейді. Қаланың болашағы – оның мәдениеті, шығармашылығы, инновациясы.

Алматыда жасалып жатқан жаңа саясат пен қаржылық қолдау механизмдері мегаполисті Орталық Азиядағы креативті индустриясы дамыған аймаққа айналдыруда.

Осы қарқын сақталса, Алматы алдағы жылдары стартаптар, креативті мамандар, жаңа медианың өкілдері, өнеркәсіптік дизайнерлер мен өнертапқыштар жиналатын өңірлік орталыққа айналатыны анық.

***Олжас ӘБДІХАЛЫҚ***

7 | 7 Kasım 2025 | Sayı 41 | 7 Қараша 2025 ж. | № 41 | ГОД РАБОЧИХ ПРОФЕССИЙ | AHISKA GAZETESİ | «АХЫСКА» ГАЗЕТІ | AHISKA

# АЛМАТЫДАҒЫ БАС БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ ӨНЕР САЛАСЫНЫҢ ЖАҢА БИГІНЕ КӨТЕРІЛІП КЕЛЕДІ

**Алматыдағы Бас Ботаникалық бақ ұзақ жылдар бойы табиғатты қорғау нысаны ретінде танылып келсе, соңғы уақытта ол қала мәдениеті мен өнерінің жаңа орталығына айналып отыр. Мұнда жас суретшілер, музыканттар, фотографтар, экологтар мен қала тұрғындары табиғат аясында бас қосып, ғылымды, өнерді, экологияны және қоғамдық мәдениетті біріктіретін ерекше кеңістік қалыптастыруда.**




Бақ бүгінде – тірі галерея, ашық аспан астындағы концерт алаңы, креативті білім беру орталығы. Бұл өзгерістер бір жағынан қоғамдағы табиғатқа деген жауапкершілік сезімінің артуынан болса, екінші жағынан – Алматы мәдениетінің жаңа болмыс қалыптастыруынан хабар береді.

Ботаникалық бақтың табиғи кеңістігі бүгінде мәдени өмірдің бір бөлігіне айналды. Ашық аспан астында өтетін концерттер, табиғат туралы спектакльдер, кітап клубтары мен шығармашылық кездесулер – бұл жерде өнер табиғатпен үндесіп, өзіндік атмосфера тудырады.

Мысалы, Жамбыл атындағы филармония әртістері өткізетін концерттер – классикалық музыканы табиғи дыбыспен үйлестіретін ерекше шаралар. Ал жыл сайынғы InEco Fest – экология, өнер және заманауи мәдениетті ағаштың саясында табыстыратын қаладағы ең жарқын фестивальдердің бірі.

Классикалық өнерден бөлек, бақта табиғатты суретке түсіру мастер-кластарын, көркем пленэрлерді, гүлдеу кезеңіндегі фотоэкспедицияларды, BookКультура клубының әдеби кездесулерін көруге болады. Осылайша ботаникалық бақ – мәдени ортаға жаңа дем берген креативті лабораторияға айналған.

Ботаникалық бақтың басты миссиясы – ғылым мен табиғатты қорғау. Бірақ бүгінгі таңда бұл миссия мәдениет арқылы да жүзеге асып отыр.

«Бақ тек серуендеу орны емес. Бізге табиғатқа құрметпен, мәдениетке жауапкершілікпен қарайтын адамдар келсе дейміз», — дейді маркетинг және қоғаммен байланыс бөлімінің жетекшісі Баян Коспенбетова.

Мұнда іске асатын жобалар «Білу — сүю үшін» экологиялық бағдарламасы, балалар мен ересектерге арналған шығармашылық шеберлік сабақтары, Tabiğat Labs ғылыми-шығармашылық жобасы, жасыл рейнджерлердің табиғатты қорғауға арналған арт-бастамалары ғылымды да, өнерді де бір арнаға тоғыстырады.

Баққа келетін адамдар саны жыл сайын артып келеді. 2021 жылғы 300 мыңнан өткен жылы 600 мыңға жетті. Бұл – табиғатқа бет бұрған жаңа мәдениеттің көрсеткіші.




Бақ шығармашыл қауым үшін де ерекше мүмкіндік беріп отыр:

суретшілер сирек өсімдіктерді салып, көрмелер ұйымдастырады;

фотографтар гүлдеу кезеңдерін түсіріп, табиғат хроникасын жасайды;

дизайнерлер мен арт-топтар табиғи материалдармен жұмыс істейді;

медиаөнер мамандары экологиялық проектілер әзірлейді.

Ал балалар үшін өткізілетін арт-сабақтар – жас буынның табиғатты өз болмысының бір бөлігі ретінде тануына мүмкіндік береді.

Бақ – жай ғана көркем кеңістік емес. Ол – ғылыми орталық. Экология және табиғи ресурстар министрлігіне қарасты Ботаника және фитоинтродукция институтының ғалымдары мұнда сирек өсімдіктерді зерттеп, сақтайды.

Зерттеулер тек бақ ішінде емес, Қазақстанның барлық өңірінде жүргізіледі. Мамандар дрондар, геоақпараттық жүйелер арқылы өсімдіктердің таралуын картаға түсіріп, сирек түрлер өсетін аймақтарды белгілейді.

Бұл ғылыми жұмыс та қоғамға шығармашылық форматта түсіндіріліп, экологиялық мәдениет қалыптастыруға ықпал етеді.

Әр сенбі сайын ботаникалық бақта «Жасыл рейнджерлер клубының» кездесуін көруге болады. Олар өсімдіктерді күтіп қана қоймай, түрлі арт-жобаларға қатысады, табиғат тақырыбындағы шығармашылық бастамаларды ұсынады.

«Жасыл патруль» тобы да бақтың тыныштығын сақтап, келушілерге мәдениетті мінез көрсетуге ықпал етеді.

Ботаникалық баққа түскен әр билет – жасалатын ғылыми зерттеулерге, табиғатты сақтау жобаларына және мәдени іс-шараларды жалғастыруға жұмсалады. Осылайша, әр келуші қала мәдениеті мен экологиясына өзіндік үлес қосады.

Алматыдағы Бас Ботаникалық бақ бүгінде табиғат пен өнерді, ғылым мен қоғамды тоғыстырған жаңа мәдени орталыққа айналып отыр. Бұл – табиғатты қорғаудың жаңа форматы. Табиғатты сақтау – дәріс пен зертханада ғана емес, өнер мен мәдениет арқылы да түсіндірілуі тиіс екенін дәлелдейтін кеңістік.




***Олжас ӘБДІХАЛЫҚ***



# ӘУЕЗОВ УДАНЫНДА ЖАҢА МЕКТЕПТЕР МЕН БАЛАБАҚШАЛАР САЛЫНЫП ЖАТЫР

**Әуезов ауданында қосымша оқу орындарын ашу мен қолданыстағы білім беру мекемелерін жаңғырту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл туралы аудан әкімі Абзал Егембердиев Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен баспасөз конференциясында хабарлады.**

Ауданда қазір 56 мектеп жұмыс істейді, онда 59 мыңнан астам оқушы білім алады. Дегенмен әлі де 5 мың орын тапшы. Оны азайту мақсатында мектептерді жаңалап, кеңейтіп, қосымша ғимараттар салу жағы қолға алынған. Атап айтқанда, №13, №72 және №158 мектепке арналған жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр, бұл олардың сыйымдылығын 2 136 орынға арттыруға мүмкіндік бермек. Бұдан бөлек, №42 және №1 мектепке сәйкесінше 300 және 400 орындық қосымша ғимараттар салу жоспарланған.

Әуезов ауданының әкімі мектепке дейінгі білім беру саласындағы жағдай туралы да баяндады. Ауданда 47 мемлекеттік және 104 жеке балабақша жұмыс істейді, жалпы қамту 18 мың баланы құрайды. Орын тапшылығын азайту мақсатында 160 және 120 орындық екі балабақша салынып бітуге жақын қалды. Тағы үш балабақшаның құрылыс және жобалау жұмыстары басталмақ. Оның ішінде №52 «Арай» балабақшасының сыйымдылығын арттырып, №58 «Ақниет» балабақшасын жаңғырту қарастырылған.

Мұндай жүйелі жұмыс Әуезов ауданының тұрғындарын қолжетімді және осы заманғы білім беру инфрақұрылымымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.







8 | 7 Kasım 2025 | Sayı 41 | 7 Қараша 2025 ж. | № 41 | ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ | AHISKA GAZETESİ | «АХЫСКА» ГАЗЕТІ | AHISKA

# *Нашу газету поздравляют с юбилеем*

«Axiska-Ахыска»
газетінің ұжымына

**Құрметті газет ұжымы!**

Сіздерді басылымның жарық көргеніне 25 жыл толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

«Axiska-Ахыска» газеті ширек ғасырда талай белесті еңсеріп, өзіндік ұстанымы айқын, оқырмандары қалыптасқан беделді ақпарат құралына айналды. Осы уақыт ішінде басылым қоғамдық пікір қалыптастыруда, еліміздегі ахыска түріктерінің мәдени-рухани құндылықтарын, әдебиеті мен тарихын, салт-дәстүрі мен өмір салтын танытуда айрықша еңбек сіңіріп келеді.

Сонымен бірге, басылым Қазақстан халқының бірлігі мен келісімін нығайтуға, ортақ құндылықтарды дәріптеуге, қоғамды кемел болашаққа жұмылдыруға ұдайы үлес қосып келе жатқаны қуантады.

Бүгінде «Axiska-Ахыска» – ақпарат айдынындағы сенімді мінбер, шығармашылық ізденістің орталығы және достық пен татулықтың жарқын жаршысы. Алдағы уақытта да елдік мүддеге қызмет етіп, оқырман сенімін ақтай бересіздер деп сенемін.

Газеттің 25 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, баршаңызға толайым табыс, шығармашылық шабыт пен жаңа жетістіктер тілеймін!

*Құрметпен,*
**Министр** **А.Балаева**

012042

TÜRK İNTERNET MEDYA BİRLİĞİ timbir

**“Ahıska”** gazetesinin 25.ci, **“Türk Birliği”** dergisinin 20.ci kuruluş yıldönümünü ve Türk Dünyası için yapmış olduğu başarılı çalışmaları için **Genel Yayın Yönetmeni Rövşen İsmayılov**’u en içten dileklerimle tebrik eder, başarılarının daim olmasını dilerim

Saygılarımızla.

**Dr. Süleyman BASA**
**Türk İnternet Medya Birliği (TİMBİR) Genel Başkanı**

## “Ahıska” qəzetinin 25 illiyi və “Türk Birliyi” jurnalının 15 illiyi münasibətilə Təbrik məktubu

“Ahıska” qəzeti Qazaxıstanda fəaliyyət göstərən kütləvi informasiya vasitələri, xüsusən də digər qəzetlərdən fərqliliyi ilə seçilir. Dünya Ahıska Türkləri Birliyinin rəhbəri – Ziyatdin Kassanovun himayəsi ilə nəşr olunan “Ahıska” qəzetinin 25 illik yubileyidir. Qəzetdə hər zaman Qazaxıstanın ictimai-siyasi, sosial-iqtisadi və mədəni həyatı geniş şəkildə öz əksini tapmışdır. Burada yaşayan Ahıska Türkləri və Azərbaycan diasporu ilə bağlı xəbərləri işıqlandıran bu qəzet həm də “Türk Dünyasına xidmət” mükafatına layiq görülmüşdür. “Ahıska” qəzetinin 25 illiyi münasibətilə DATÜB Başkanı Ziyatdin Kassanovu, baş redaktor Rövşən İsmayılovu və bütün çalışanları ürəkdən təbrik edirəm. Hər kəsə möhkəm can sağlığı arzulayıram. “Türk Birliyi” jurnalının 15 yaşı mübarək olsun! Bu jurnal mənə çox doğmadır. 2016-cı ildən mənim onlarla məqaləm burada dərc olunub.

Bütün kollektivə uğurlar, başarılar arzu edirəm! Yeni yaşınız mübarək olsun “Ahıska” qəzeti və “Türk Birliyi” jurnalı!

Hörmətlə: Yeganə Nəhmətulla qızı İsmayılova
BDU-nun professoru, filologiya elmləri doktoru
Azərbaycan Yazıçılar Birliyinin üzvü,
Türk Edebiyyatı Vakfı Fahri Üyesi,
UNESKO üzrə Azərbaycan Respublikasının
Milli Komissiyasının Dünya Yaddaşı Proqramı və
Türkoloji araşdırmalar ilə bağlı səlahiyyətli eksperti

Bakı, Azərbaycan

## “Ahıska” qəzetinin 25 illiyi və “Türk Birliyi” jurnalının 15 illiyi münasibətilə Təbrik məktubu

Qazaxıstanın İnformasiya və İctimai İnkişaf Nazirliyi “Ahıska” qəzetinin və “Türk Birliyi” jurnalının baş redaktoru hörmətli Rövşən İsmayılovu (Məmmədoğlu) (2020-ci ildə) “Ən yaxşı jurnalist” nişanı ilə təltif edəndə çox sevinmişdim. 5 il keçmişdir, “Ahıska” qəzetinin 25 illiyi və “Türk Birliyi” jurnalının 15 illiyidir. Bu münasibətlə çox hörmətli DATÜB başkanı Ziyatdin Kassanovu, baş redaktor, soydaşımız Rövşən İsmayılovu və bütün komandanı bu münasibətlə təbrik edirəm.

Hörmətlə: Azərbaycan Turizm və Menecment
Universitetinin “Beynəlxalq
münasibətlər” kafedrasının professoru,
fəlsəfə elmləri doktoru
İsmayılov Dilqəm Yunis oğlu



# Нашу газету поздравляют с юбилеем

**С глубоким уважением, с любовью поздравляю весь коллектив газеты «Ахыска» с юбилеем. За 25 лет существования «Ахыска» стала любимой газетой миллионов читателей во всём мире. Особенно любима стала она в среде тюркских народов мира. Публикации газеты «Ахыска» обсуждаются в коллективах, их читают вслух, рассказывают о них друг другу. Для чувашского народа «Ахыска» стала очень почитаемой газетой, вернее, своей любимой газетой.**

**Я благодарен за публикации моих статьей и многих произведений на страницах «Ахыска».**

**Желаю счастья, удачи всем сотрудникам газеты.**

**Верю: «Ахыска» будет всегда радовать своих читателей!**

***Мишши ЮХМА,***
***Народный писатель Чувашской республики, заслуженный писатель республики Казахстан, лауреат премии «За заслуги перед тюркском миром»***

Газета я! Мне двадцать пять!
Ещё не много, но не мало.
Надеюсь, вас очаровала
Моя достойная печать?

Конечно! Авторы прекрасны!
Других таких вам не найти!
И если свет весь обойти:
Другие ветрены! Опасны!
И с ними нам не по пути.

Меж нами не было разлук
Из-под ресниц, глядящих строго.
Мы не прощались у порога.
У каждого свой враг и друг.

Я буду верность вам хранить...
Писать о будущем и прошлом.
И думать больше о хорошем.
И никогда вас не винить...

Так пожелайте же удачи!
Судьбу счастливую прожить!
Я не могу никак иначе.
Ну всё! Прощаюсь! Будем жить!

***Виктор ШАТИЛОВ,***
***член Союза писателей Чувашской Республики, член Союза российских писателей***




## Казахстану о друзьях

Мы дружим с Казахстаном
так давно,
И мысли выражаем очень смело,
Писателям дружить теперь дано,
И пишем, что на сердце наболело.

Мы расширяем круг своих друзей,
Стучимся в сердце с нежностью
и болью,
Когда друзья есть —
жить нам веселей
Мы делимся прошедшим
или новью.

Мы узнаём друзей по их сердцам,
По мыслям и желаниями открыто.
Когда светло сказать умеешь сам,
То важные события не забыты.

Как хорошо, что близкие вокруг,
Когда в далёких странах
есть подмога.
Понимаешь сердцем сразу вдруг,
Что нам одна отпущена дорога.

Чувашия в Вас верит, нежит, чтит,
И всё что выдаёте — нежит души.
Ведь лучшее, мы знаем, победит,
Мы сердцем понимаем,
что нам слушать…

***Галина БЕЛГАЛИС,***
***член Союза писателей Чувашской Республики, член Союза российских писателей***

## Вестник дружбы

### *25-летию газеты «Ахыска» посвящается*

Уж четверть века ты живешь, газета,
Пришедшая мост Дружбы возвести!
Чтоб Добротою жизнь была согрета,
Всевышнего законы соблюсти.

В трёх языках находишь
вдохновенье,
Чтишь пращуров великих имена.
Даруя благодатные мгновенья,
Счастливые пророчишь времена.

Даёшь потомкам крылья для полёта, -
Звучит набатом памяти строка.
Лелеют девять стран твои высоты,
И Волге величавой дорога.

Язык родной —
источник Богом данный,
Чтоб благости и будущности быть,
Чтоб этносам, живущим в Казахстане,
Единый путь божественный торить.

По солнечной дороге вдохновенно
Шагай и будь здорова «Ахыска»!
Сияньем слов, как звёзды
во Вселенной,
Живи и прославляйся на века!

***Василий ЗАХАРОВ,***
***член Союза писателей Чувашской Республики, член Союза российских писателей, заслуженный писатель Казахстана***

***Перевод с чувашского Любови Петровой, члена Союза писателей Чувашской Республики, члена Союза российских писателей***

"... если ты гореть не будешь,
если мы гореть не будем,
так кто же здесь рассеет тьму?"

***Назым Хикмет***

Газета "Ахыска",
да здравствует твой юбилей!
Газета "Ахыска",
Не исчезай из жизни людей!
Газета "Ахыска",
Тобой начинает
утро десяток стран!
Газета "Ахыска",
тебя доставляют
даже за океан!
Газета "Ахыска",
Ты пишешь о тех,
кого уже с нами нет,
святою правдой
из тьмы возвращая свет.
Газета "Ахыска"!
пусть же настанет лад,
и ашиги вновь
воспевают счастливую жизнь
и любовь.

***Марина ЧЕРЕМИСОВА,***
***Казань***

## С серебряным юбилеем, «Ахыска»!

Ахыска, ты газета родная,
Четверть века ты с нами подряд!
С юбилеем тебя поздравляя,
Слова благодарности звучат!

Для турок-ахыска ты — пост,
Где слышен голос свой родной.
Сквозь расстоянья, словно мост,
Ты связываешь нас собой.

Культуры код и память предков
Ты бережно хранишь в себе.
Былой истории заметки,
Находишь в каждой судьбе.

От Казахстана до Америк,
Ты — нить,
что словом нас сшивает.
И ты, волшебный собеседник -
Пусть каждый выпуск нас пленяет!

Желаем творческих стремлений,
И преданных тебе друзей.
Пусть будет много вдохновений,
И добрых, светлых новостей!

Здоровья всем, кто пишет, правит,
Кто слово главное несёт.
Ахыска пусть и дальше славит
Ваш дивный мудростью народ!

***С наилучшими пожеланиями,***
***Владимир ЧАКМАН***





# Kazakistan'da hedef 100 bin yabancı öğrenci

**Kazakistan, üniversitelerindeki yabancı öğrenci sayısını 100 bine çıkarmayı hedefliyor. Yabancı öğrencilere vizede ve diğer bürokratik işlemlerde kolaylık sağlanacak.**

**Kazakistan Cumhurbaşkanı Kasım Cömert Tokayev, hâlihazırda 31 bin yabancı öğrencinin okuduğu Kazakistan üniversitelerine, 2029 yılına kadar 100 bin yabancı öğrencinin alınmasının hedeflendiğini açıkladı. Yabancı öğrenciler için vizede ve diğer bürokratik işlemlerde kolaylık sağlanacak. Kazakistan üniversitelerinden en yüksek ortalamayla mezun olan yabancı öğrenciler için ise bir istihdam programı düzenleneceği açıklandı.**



## DÜNYADAKİ EN İYİ ÜNİVERSİTELER İLE İŞ BİRLİĞİ

Kazakistan Cumhurbaşkanlığı basın servisi tarafından yapılan açıklamaya göre; Kazakistan'ın başkenti Astana'da ikincisi düzenlenen Uluslararası Stratejik Ortaklar Forumu'nda Tokayev, Kazakistan'ın dünyadaki en iyi üniversiteler arasında bulunan 40 üniversiteyle iş birliği kurup 33 yabancı üniversite kampüsünün açıldığını ifade etti. Kazakistan Cumhurbaşkanı, Türkistan coğrafyasındaki ülkelerin Kazakistan'a yüksek öğretim alanında ve yabancı öğrencileri çekmekte önemli fırsatlar sunduğunu belirtti.

## KAZAKİSTAN'DA AKADEMİ CANLANIYOR

Tokayev, Kazakistan'ın dünya çapında önde gelen bir akademi merkezi olmak adına son derece meşakkatli fakat mühim bir yola adım attığını belirterek, "Çoğu yabancı üniversite kampüsünde İngilizce, Rusça ve Çince dillerinde eğitim verilmesi çok önemli. Milletlerin, kişilerin ve kurumların eğitim alanındaki rekabette öne çıkabilmesi adına çok dillilik her zaman önemli olmuştur ve olmaya da devam edecektir. Dolayısıyla Kazakistan'ın küresel akademik camianın ayrılmaz bir parçası olması adına, bu önemli adımı farkındalıkla atıyoruz. Bununla birlikte, her yabancı üniversite kampüsünde Kazak Türkçesi ve Kazakistan'ın tarihi üzerine zorunlu dersler verilmektedir. Yabancı öğrencilerimizin millî bilincimiz ve kültürümüz adına bilgi sahibi olması adına bu derslerin önemi yadsınamaz." ifadelerine yer verdi.

## NÜKLEER ENERJİ SEKTÖRÜNE ELEMAN YETİŞTİRİLECEK

Yabancı üniversitelere ait kampüslerin açılmasının mühendislik ve bilişim teknolojileri eğitimini geliştirme hedefleri yönündeki önemini vurgulayan Tokayev, nüleer enerji sektöründe çalışacak personellerin eğitimine özel önem gösterildiğini söyledi.

Tokayev, Kazakistan'ın bir yapay zekâ modeli olan ChatGPT temelli eğitim araçlarını bulunduracak bir pilot projeyi hayata geçirdiğini duyurdu ve asıl hedefin eğitim, bilim ve sektör arasında doğrudan bir bağlantı oluşturmanın olduğunu dile getirdi.

# ЕМХАНАҒА ЖҮГІНГЕНДЕ НЕНІ ЕСКЕРГЕН ЖӨН?

**«Мен емханаға бармаймын және МӘМС-ті пайдаланбаймын», «Учаскемді де, дәрігерімді де білмеймін, олар мені іздемейді де». Өкінішке орай кейбір азаматтардан осындай пікірлерді естіп жатамыз. Енді біреулер тегін медициналық көмекті алу қиын, оған көп уақыт пен күш кетеді деп есептейді. Осыған орай, емханаға не үшін бару керек және МӘМС жүйесінің мүмкіндіктерін қалай пайдалануға болатынын зерттеп көрдік.**

Емханада тіркелген азаматтарға алғашқы медициналық-санитарлық көмек (МСАК) көрсетіледі. Бұл — медициналық көмектің базалық деңгейі. МСАК тіркелген тұрғындарды есепке алады, профилактикалық тексерулер өткізіп, флюорографияға түсіреді. Ауруларды ерте сатысында анықтауға, созылмалы науқастардың жағдайын бақылауға, асқынулар мен шұғыл госпитализацияны болдырмауға, жалпы халық денсаулығын тұрақты бақылауда ұстауға көмектеседі.

Сайып келгенде, МСАК — сіздің учаскелік дәрігеріңіз және сіз тіркелген емханаңыз. Кез келген алғашқы шағымдар пайда болған кезде профилактикалық мақсатта немесе бақылау үшін сол жерге жүгінесіз. Сондықтан өзіңіздің қай емханаға тіркелгеніңізді және дәрігеріңіздің кім екенін білу маңызды.

***Учаскелік дәрігерге бару үшін МӘМС жүйесінде сақтандырылу шарт па?***

Жоқ. Пациенттер учаскелік терапевтке немесе жалпы тәжірибе дәрігеріне «сақтандырылған» мәртебесінің бар-жоғына қарамастан бара алады. Бірақ кейін МӘМС пакеті аясында бейінді мамандардың кеңесі немесе медициналық қызметтер қажет болса, «сақтандырылған» мәртебесін алу керек.

***Бейінді мамандарға жазылу үшін неге учаскелік дәрігерге бару керек?***

Бейінді мамандарға жазылу терапевт арқылы жүргізіледі. Себебі ол бастапқы тексеру жүргізіп, алдын ала диагноз қояды және әрі қарайғы тексерудің қажеттілігін анықтайды. Пациентті қай маманға жолдау керектігін шешіп, қажетті талдаулар мен зерттеулерге жолдама береді. Мұндай тәсіл өздігінен емделудің алдын алып, негізсіз жүгінулерді азайтады және пациенттердің ағынын оңтайландырады. Осылайша, бейінді мамандар өз көмегіне шын мұқтаж жандарға көбірек уақыт бөле алады.

***Анализдер мен диагностикаға жолдаманы қалай алады?***

Кез келген кеңес беру және диагностикалық қызметті емдеуші дәрігер тағайындайды. Ол пациенттің жағдайын, шағымдарын және белгілерін қарайды. Егер тиісті көрсеткіштер болса, дәрігер зертханалық және өзге де зерттеулерге жолдама береді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қызмет алу үшін пациенттің «сақтандырылған» мәртебесі болуы шарт.

Медициналық қызметкерлер профилактика, диагностика, емдеу және оңалтудың ең тиімді әдістерін таңдау кезінде клиникалық хаттамаларды басшылыққа алады. Талдаулар мен диагностикалық зерттеулерге жолдаманы тіркелген жеріңіздегі дәрігерден алуға болады. Әдетте бұл — терапевт, ол көрсеткіштер бойынша немесе профилактикалық тексеру аясында зерттеу тағайындайды.



***Жеке клиникада МӘМС есебінен операция жасауға болатыны айтылды. Оған жолдаманы қалай аламын?***

Ауруханаға жатқызу көрсеткіштері пациенттің жағдайына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ әдетте жедел ауырсынулар, созылмалы аурулардың асқынуы, жарақаттар немесе стационарлық бақылауды қажет ететін өзге жағдайлар жатады (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР ДСМ-27 бұйрығы «ҚР стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандарты туралы»).

***Ауруханаға жату үшін не істеу керек?***

- Тіркелген емханадағы дәрігерге жүгіну. Егер көрсеткіштер болса, маман тексеру жүргізіп, диагноз қою үшін қажетті зерттеулерді толық көлемде тағайындайды;
- Емхана жағдайында қажетті минималды тексеруден өту;
- Ауруханаға жатуға жолдама алу. Медициналық ұйымды өз дәрігеріңізбен бірге таңдай аласыз;
- Ауруханаға жату талонын алу. Ол арқылы «Емдеуге жатқызу бюросы» сайтында (https://bg.eisz.kz/) өз кезегіңізді бақылауға болады.

Жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету (ЖТМК) үшін тіркелген медициналық ұйым профильдік маманның қорытындысына сүйене отырып, пациенттің құжаттарын ЖТМК жөніндегі комиссияға жолдайды.

Пациент тіркелген медициналық ұйым оған тиісті бейін бойынша осы қызметтерді көрсететін өзге ұйымды таңдау мүмкіндігі бар екенін хабарлауы тиіс.

ЖТМК жөніндегі комиссия жергілікті денсаулық сақтау басқармасының басшысы бұйрығымен жасалады және пациентті тиісті медициналық ұйымға жолдау мәселесін шешеді. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі (ТМККК) тізбесіне кірмейтін мамандандырылған медициналық көмек МӘМС жүйесінде немесе ақылы негізде көрсетіледі. Мамандандырылған көмектің көлемі, соның ішінде зертханалық және диагностикалық зерттеу әдістері, клиникалық хаттамаларға сәйкес айқындалады (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына сәйкес).

***Егер маған жолдама беруден бас тартса не істеу керек?***

Егер пациенттің қандай да бір медициналық қызметке көрсеткіштері бола тұра дәрігер жолдама немесе көмек беруден бас тартса емханалар мен ауруханаларда құрылған Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүгіне алады. Бұл қызмет «осында және қазір» қағидаты бойынша мәселелерді шешуге арналған.

***МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесін тексеру жолдары:***

1. Қор сайты https://msqory.kz/;
2. Telegram арнасында https://t.me/SaqtandyryBot сілтемесі арқылы;
3. Kaspi Bank, Halyk Bank, Банк ЦентрКредит (BCC.KZ), Freedom Bank, Bereke Bank, HomeCredit Bank, Еуразиялық Банк және Damumed мобильді қосымшалары арқылы.

***МӘМС жарналары мен аударымдарын төлеу, көрсетілетін медициналық көмектің сапасына қатысты сұрақтар бойынша хабарласу арналары:***

1. Қор сайты https://msqory.kz/;
2. Telegram арнасында https://t.me/SaqtandyryBot сілтемесі арқылы.

***Әсемгүл ГАЛИМОВА***

# АЛМАТЫ — ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛ РУХТЫҢ ОРДАСЫ

**Қозғалыс пен салауатты өмір — заманауи мегаполистің басты ұстанымы**
**Алматы — Қазақстанның мәдени және спорттық жүрегі. Тау мен табиғаттың баурайында орналасқан бұл қала ежелден салауатты өмір салтын ұстанатындардың мекені болып келеді. Бүгінде қала әкімдігі мен спорт ұйымдары дене шынықтыруды кеңінен насихаттау, бұқаралық спортты дамыту, ұлттық спорт түрлерін жаңғырту бағытында кешенді жұмыстар жүргізуде.**

«Дене шынықтыру — ұлт саулығының кепілі» қағидасын басшылыққа алған қала басшылығы соңғы жылдары тұрғындардың спортпен айналысуына арналған 100-ден астам ашық алаң мен жүздеген жаңа фитнес нүктелерін іске қосты. Бұл бастамалар халықтың салауатты өмір салтына қызығушылығын арттырып, қала тұрғындарының белсенділігін едәуір көтерді. Ұлттық спорт — рухпен бірліктің айнасы Алматыда көкпар, тоғызқұмалақ, асық ату, қазақ күресі сияқты ұлттық спорт түрлерін дамыту ерекше назарда. «Алатау» ипподромы мен «Халық арена» секілді спорт нысандарында жыл сайын республикалық және халықаралық жарыстар өтеді. Жас буын арасында ұлттық спортқа қызығушылық артып келеді. Мектептерде және балалар спорт мектептерінде арнайы үйірмелер ашылып, нологиялар, музыка, медиа және қолөнер салалары қаланың экономикалық әлеуетін арттырып отыр. Қалада «Almaty Creative Hub», «ArtSpace Qazaqstan» сияқты орталықтар құрылып, жас кәсіпкерлер мен шығармашыл жастарға қолдау көрсетілуде. Креативті индустрия — тек мәдени өркендеу емес, жұмыс орындарын ашу мен экономиканы әртараптандырудың тиімді құралы. Ақпараттық қолдау тұрғысынан Алматы қаласы креативті жобаларға арналған онлайн-платформалар мен медиа науқандарды тұрақты түрде іске қосып келеді. Бұл бастамалар арқылы қала имиджі — ашық, жасампаз және мәдениетке бай мегаполис ретінде қалыптасып отыр. Тарихи мұра және ішкі туризм: тамыр мен тағылым Алматының әр көшесі — тарихтың ізі. Ежелгі Верный бекінісінен бастау алған қала бүгінде туристік бағыттардың орталығына айналды. Медеу мұз айдыны, Шымбұлақ тау курорты, Көктөбе, 28 гвардияшыл-панфиловшылар саябағы, Орталық мұражай және көптеген тарихи ғимараттар — ішкі туризмнің тартымды нысандары. Қала әкімдігі туристік бағыттарды ақпараттық қолдауды күшейтіп, Almaty Travel және Visit Almaty сияқты платформалар арқылы ішкі және сыртқы туристерге толық ақпарат ұсынып отыр. Цифрлық карталар, аудиогидтер, бейнеэкскурсиялар — тарихи мұраға деген қызығушылықты




ұлттық ойындар жаңаша сипатта насихатталуда. Бұл тек спорттық жетістіктер емес, ұлттық болмысты сақтап, рухани байланыс орнатудың жолы. Өнер мен мәдениет: шығармашылықтың алтын ордасы Алматы — Қазақстан мәдениетінің басты орталығы. Мұнда ұлттық және заманауи өнердің тоғысы байқалады. Қалада 30-дан астам театр, жүздеген галерея мен шығармашылық кеңістік жұмыс істейді. «Абай атындағы опера және балет театры», «Қастеев атындағы өнер музейі», «ARTBAT FEST» халықаралық заманауи өнер фестивалі — Алматының мәдени келбетін айқындайтын символдар. Қала әкімдігі мен мәдениет басқармасы өнер мен мәдениетті ақпараттық тұрғыдан кеңінен насихаттап, жастардың креативті жобаларын қолдауда. Әлеуметтік желілерде, медиа платформаларда мәдени іс-шараларға арналған арнайы айдарлар ашылып, шығармашыл тұлғалардың еңбектері тұрақты түрде жарияланып келеді. Креативті индустрия — жаңа экономиканың қозғалтқышы Соңғы жылдары Алматыда креативті индустрия ерекше қарқынмен дамып келеді. Дизайн, киноөндіріс, IT-тех-

арттырудың тиімді тәсіліне айналды. Қала бренді — мәдениет пен спорттың үйлесімі Бүгінгі Алматы — спорт, мәдениет және шығармашылықтың тоғысқан мекені. Мұнда таңертең жүгірушілер мен велосипед тебушілердің қозғалысы, түстен кейін театр мен көрме залдарындағы өнерсүйер қауымның ықыласы, кешкісін концерт пен фестиваль алаңындағы жастардың энергиясы бірігіп, қаланың ерекше рухын қалыптастырады. Бұл — «жанды қала» ұғымының нақты көрінісі. Дене мәдениеті мен рухани байлық қатар дамыған жерде нағыз өркениетті қоғам қалыптасады.

Қорытынды Алматының басты мақсаты — азаматтарының физикалық саулығы мен рухани дамуын қатар нығайту. Дене шынықтыру мен ұлттық спорт, өнер мен мәдениет, креативті индустрия мен туризм салаларын ақпараттық тұрғыдан қолдау — осы мақсатқа жетудің маңызды құралы. Себебі халық өз қаласының мәдени және спорттық өмірі туралы неғұрлым көп білсе, соғұрлым белсенді әрі жауапты азаматқа айналады. Ал белсенді азаматтар — әділетті, өркениетті және заманауи Алматының басты тірегі.




# ДОРОЖНАЯ КАРТА КУЛЬТУРЫ



**«Язык – это дорожная карта культуры. Она показывает, откуда пришли люди и куда они идут»**
***Ненси Йошида***

**Дорогие читатели газеты** «Ahıska»**, сегодня я бы хотел поделиться с вами своим опытом. Я, Байрамов Миляз Омар-Алиевич, учитель английского языка и робототехники на английском языке. На протяжении нескольких лет меня тревожит вопрос, почему наши дети все чаще используют бранные слова. Парой ездить в общественном транспорте становится некомфортно, а то и стыдно за наше подрастающее поколение.**

Когда едешь, и тебя окружает много школьников и студентов, которые скорее всего, пытаясь добиться внимания от общества или доказать авторитетность в своем кругу, используют бранные слова на весь транспорт, сами того не понимая, что эти слова лишь показывает их уровень воспитанности и словарного запаса, количества прочитанных книг. Всегда задаюсь вопросом, неужели бранные слова дают такую авторитетность?

### Мат – это признак бедной речи

Русский язык – один из самых богатых в мире. В нём есть тысячи слов, способных передать любую эмоцию, оттенок или настроение. Когда человек прибегает к мату, он словно отказывается от этого богатства. Вместо точного выражения чувств выбирает грубое, резкое слово, которое кажется «универсальным», но на деле лишь обедняет речь. Часто мат используют тогда, когда не хватает слов, чтобы объяснить что-то. Это не проявление силы или уверенности, а наоборот – свидетельство слабости речи. Чем чаще человек ругается, тем меньше он способен выражать свои мысли культурно и точно. Можно сказать, что брань – это костыль для тех, кто не умеет ходить по дороге языка самостоятельно. Ведь куда проще вставить грубое слово, чем найти меткое выражение, которое передаст смысл без оскорбления.

Я думаю, что культура речи начинается с воспитания. Культура речи – это не просто знание правил, а показатель внутреннего богатства человека. Она формируется с детства: из семьи, школы, общения с окружающими. Если в семье принято ругаться, ребёнок усваивает, что это «нормально». Если взрослые сами следят за своей речью, то и подросток будет понимать, что слова имеют значение. Грубость в речи – это не свобода, а проявление неуважения: к себе, к собеседнику, к языку. Умение контролировать свои слова показывает уровень воспитания. Ведь человек, который способен выразить эмоции без брани, демонстрирует не слабость, а силу – силу самоконтроля и уважения. Мне кажется, что использования бранных слов среди молодежи, это как попытка казаться «крутым».

Особенно часто ругательства встречаются среди подростков и молодёжи. Для многих это способ показать независимость, смелость, «взрослость». Иногда кажется, что употребляя мат, можно заслужить уважение сверстников, выглядеть уверенным и авторитетным. Но за этой «крутизной» нередко скрывается неуверенность. Молодой человек боится показаться слабым, поэтому старается говорить грубо, чтобы казаться сильнее. В действительности, сила не в бранных словах, а в умении говорить спокойно, достойно и при этом не терять уверенности. Истинный авторитет не нужно доказывать ругательствами. Напротив, человек, который умеет держать себя в руках и подбирать слова, всегда вызывает больше уважения, чем тот, кто говорит грубо.

### Почему важно говорить чисто

Слова формируют не только речь, но и мышление. Когда мы постоянно используем брань, то начинаем грубо думать, грубо реагировать и грубо относиться к миру. Чистая речь дисциплинирует, помогает мыслить ясно и уважительно. Кроме того, грубые выражения могут ранить. Мы не всегда задумываемся, что сказанное в раздражении слово способно надолго испортить отношения и оставить неприятный след. Добрые, вежливые слова, наоборот, создают атмосферу уважения и доверия. Русский язык даёт нам тысячи способов выразить радость, злость или боль без оскорблений. Стоит лишь захотеть, и можно научиться говорить красиво, метко, по-настоящему богато.

И в заключение своей статьи, я бы хотел призвать нашу молодежь и подрастающее поколение к грамотной, богатой синонимов и красочной речи. Мат – не украшение речи, а признак её бедности. Это не свобода выражения, а отказ от культуры. Когда человек ругается, он не становится сильнее или смелее, а просто теряет способность быть понятым без грубости. Настоящая культура речи – в умении говорить так, чтобы тебя слушали с уважением, а не с раздражением. Быть воспитанным – не значит быть скучным. Это значит владеть словом, а значит – владеть собой. Ругаться «красиво» невозможно. Красота речи – в чистоте, уважении и силе мысли. Чем богаче наш язык, тем меньше в нём места для грубости.

***Миляз БАЙРАМОВ, учитель английского языка и робототехники***





# СЕНІҢ КІТАП СӨРЕҢ



## Оның суреттерінде өмір тынысы

**Алматыдағы №117 орта мектептің екінші сынып оқушысы Ирада Иминова бізді мағынасы мен асқақ идеяларына толы шынайы суреттерімен таң қалдырады.**

- Ираданың суреттері балалық қарабайыр емес (мен бұл сөзді балалар өнерінің стилистикалық бағытын сипаттау үшін қолданамын), керісінше, суретшінің айналамыздағы әлемге деген шынайы мағыналы көзқарасы. Ұсақ детальдарға ерекше назар аударылған. Әрбір суреттің түс схемасы мағыналы, сезімтал және экспрессивті, тиісті атмосфера жасауға бағытталған. Ал әрбір суреттің, тіпті пейзаждардың да тақырыптары - өмір туралы шағын әңгімелер, онда Ираданың суреттеріне қараған кезде тек әртүрлі түстер ғана емес, сонымен қатар әртүрлі көңіл-күйдегі әңгімелер де пайда болады. Мұндай жас қыздың жұмысы, тіпті оның көркемдік дамуының осы кезеңінде де, көрерменге эмоционалды әсер етеді, олардың қиялын оятады және олардың дүниетанымымен үйлеседі. Мен өз сезімдерімді сипаттап отырмын. Жетілген шеберлердің жұмыстары осылай «жұмыс істейді». Бұл екінші сынып оқушысы, нағыз асыл тас екен!», - деп тамсанды өнертанушы Елена Марценюк.

Шынында да, жас суретші Ирада Иминованың ерекше таланты таң қалдырады және қуантпай қалмайды, біз оған шығармашылық табыс тілеп, халықаралық көрмелерден көрінуін үмітпен күтеміз.

***Әсемгүл ГАЛИМОВА***

**Алматы кітап баспаларынан шыққан әр түрлі мазмұндағы, қызықты кітаптарды балалар мен жас өспірімдерге ұсынамыз. Оқып, үйреніңдер жас достарым!**

«Қазақстан халқы ертегілері». Құрастырған және қазақ тіліне аударған К. Әлпейісова, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Назарларыңызға ұсынылған ертегілер жинағы тарихтың жолы — тағдырдың қолымен Қазақстанды ортақ Шаңырағы, ұлы Отаны еткен әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың әдеби мұрасы ретінде қазақ тілінде жарық көріп отыр. Өскелең ұрпақты ұлты мен дініне қарамай тұтастай елдік құндылықтарға — ырыс пен ынтымаққа, береке мен бір-лікке, достық пен татулыққа тәрбиелейтін осынау туынды — ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік тілді этносаралық қарым-қатынас тіліне айналдыру, осы арқылы ойы мен орайы әр алуан, бірақ жолы мен мақсаты бір, білімді де бәсекеге қабілетті, көпшіл де патриот ұлт қалыптастыру міндеттерімен тікелей байланысты. Кітап 8-11 жас аралығындағы балаларға, олардың ата-аналарына, тәрбиеші-педагогтерге және балалармен жұмыс істейтін басқа да мамандарға, жалпы ертегі сүйер оқырман қауымға арналады.

Николай Носов. Дымбілместің айға саяхаты: ертегі-роман. «Дымбілместің Айға саяхаты» – орыстың аса көрнекті жазушысы Н.Носовтың дүние жүзі халықтарының көптеген тілдеріне аударылған, балалар сүйіп оқитын әйгілі шығармасы. Оқиғасы мейлінше қызықты, тілі тартымды, алғашқы бетінен-ақ баурап алатын, бір деммен оқып шығатын кітап. Басты кейіпкер Дымбілместің аңғалдығы, кіршіксіз пәк жан дүниесі, достарына адалдығы әдемі суреттелген. Шығарманы оқи отырып, әр оқырманның жүрегінде жылылық орнап, балалық шағына саяхат жасағандай сезімде болатыны сөзсіз. Бұл шығарма балалардың туған жерге деген сүйіспеншілігін, еңбек етуге құлшынысын арттырады, еріншек, өзімшіл болмауға үйретеді.

Кови Шон. Бақытты балақайдың 7 дағдысы. Бұл қызықты оқулық жас оқырмандарды тартымды оқиғалар арқылы бақытты да белсенді өмір сүру өнеріне баулиды. Кітап тамаша безендірілген және балалардың жас ерекшелігін ескеріп жазылған. Сонымен бірге кітапта ата-аналар мен тәрбиешілерге арналған белгілі бір дағдыны қалыптастырудағы кеңестер, талқылайтын сұрақтар тізімі және балаларға арналған тапсырмалар берілген.

Есенберлин Ілияс. Ғашықтар. Оқырманға ұсынылып отырған «Ғашықтар» романы – Ілияс Есенберлиннің ерекше туындыларының бірі. Шығармада басты кейіпкер Жантастың студенттік шағынан бастап өмірдің әр қилы соқпақтарынан өтуі, қиындыққа мойымауы, сондай-ақ ғашық болуы суреттеледі. Өмірде ғашықтық сынынан қиын сын бар ма? Жантас пен Аяужан сол сыннан сүрінбей өте алды ма? Бұл кітаптан осы сұрақтардың жауабын таба аласыз.

Әбдік Төлен Қонақтар. Қазақ прозасында Ерекше қолтаңбасы бар жазушы Төлен Әбдік туындыларында ұлттық таным мен адамзатқа ортақ мәселелерді тереңінен қозғайды. Қолыңыздағы жинаққа енген автордың «Оң қол», «Қонақтар», «Жат перзент» әңгімелері адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынасты сөз етсе, «Тозақ оттары жымыңдайды», «Әке» повестері Оқырмандарын ойландырып, қай кезде де өзектілігін жоймаған тақырыптарды көтеріп, кейіпкерлердің психологиялық ерекшеліктерін ашқан.







Сауле Байниетова. Орыс тілінен аударған Д. Мамырбаева. Көзге көрінбейтін ғажайып "Мизам" әлемінің тұрғындары — жер жүзіндегі балалардың құпия көмекшілері. Олар Жердегі балалармен бірге көптеген қызықты оқиғаларды бастарынан кешіреді. Сан алуан сұрақтарға жауап табады. Қауіпсіздік ережелерімен танысады. Табиғаттың қамқоршысына айналады. Балақай, егер сен осындай оқиғаның куәгері болғың келсе, "Мизам" топтамасының кітаптарын оқы.

"My Shape Book" кітаптар сериясы балаларға жақсы мінез- құлық дамытуға көмектеседі. Жауапкершілікті сезіну Ашуды қалай жеңуге болады. Адамдарға қалай көмектесуге болады. Қызғаныштан қалай құтыламын. Қалай сыпайы сөйлесуге болады.. Денсаулықты қалай сақтауға болады.

Охзенкнехт Наташа Моншақ. Менің асыл қазынам, аударған Г. Ақжолова. Кішкентай болғанымен, өте батыл Моншақ жайлы жаңа хикая. Бұл жолы қазына ұрланды! Қоңыз қалашығы тұрғындары дабыл қағып, уайымдай бастады. Құр қол отырмайық деп шешкен Моншақ ағасы Чарли Айлакер және досы Моншақ Джимми Бірсекпілмен бірге қазынаны іздеуге шығады. Олар кәрі капитан Хоптан, Пикс ханым және Бұрқылдақ Бербельден, сондай — ақ басқа да қала тұрғындарынан сұрастырып, қазына жоғалтқан жанды іздейді.

Қазынаны кім көрген? Ол алтындай жылтырамай ма әлде басқадай қасиеттері бар ма, оны Моншақ та білмейді. Сұрастырған әрі тұрғын жүрегіне ыстық, өздеріне қымбат қазыналары жайлы бөліседі. Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған. Жылтырағанның бәрі алтын еместігін, жүрекке қымбат заттың құны болмайтынын баяндайды.

***Әсемгүл ГАЛИМОВА***

# АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ ЕЛ МАҚТАНЫШЫ

**Алматылық Ерасыл Жапар Түркияның** Erciyes Üniversitesi **университетінде оқуда. Ол 2003 жылдың 22 мамырында Алматы қаласында дүниеге келген. Білім жолын Талғар қаласындағы №1 жеке лицей-интернатында бастап, оны үздік бағамен тәмамдайды. Мектеп кезінен бастап еліміздің тарихына ерекше қызығушылық танытып, Қазақстан тарихы бойынша облыстық және республикалық олимпиадалардың жүлдегері атанады.**




Қазіргі уақытта Türkiye Bursları мемлекеттік бағдарламасы аясында Түркияның ең үздік жоғары оқу орындарының бірі – Erciyes Üniversitesi университетінде "Халықаралық қатынастар" мамандығы бойынша білім алып жатыр. Бұл университет Түркиядағы мемлекеттік университеттердің үздік сегіздігіне кіреді. Оқуын ағылшын және түрік тілдерінде жалғастыру арқылы жаһандық саясат пен дипломатия саласында терең білім алып келеді. Ол қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерін еркін меңгергенмін, қазіргі таңда университетте араб тілін үйреніп жатыр. Іс-тәжірибе ретінде Қазақстан Республикасының Түркиядағы Елшілігінде және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Адами ресурстар департаментінде тағылымдамадан өтті. Бұл тәжірибелер дипломатиялық қызметтің ішкі құрылымын жақсы түсініп, ел мүддесіне қызмет етуге деген шешімін одан әрі нығайтты. Дипломат мамандығын таңдауы — жай ғана шешім емес, бұл — Ерасылдың ішкі ұмтылысы. Дипломат — қарумен емес, білім мен парасат арқылы елін қорғайтын сарбаз.

- Мемлекет мүддесіне қызмет ету — мен үшін үлкен мәртебе. Менің ішкі ұраным – Алаш арысы Әлихан Бөкейханның мына бір даналық сөзі: «Қазаққа қызмет етпей қоймаймын». Мен мемлекеттік қызметтің кез келген саласында жұмыс істеуге дайынмын. Мен үшін маңыздысы — қайда емес, кім үшін және не үшін еңбек ететінім. Басты мақсатым — алған білімімді туған еліме, Қазақстанға қызмет ету үшін қолдану.Қазақ халқының жүрегінде терең мәні бар бір сөз бар — аманат. Біздің Ұлы даламыз — бұл біздің ата-бабаларымыздан қалған аманат. Олар өздерінің жастығын, өмірін, барлық күш-жігерін біз бейбіт, еркін, бай елде өмір сүруіміз үшін сарп етті. Бізге жүктелген міндет — сол аманатқа қиянат жасамай, керісінше, ұрпаққа ұялмайтындай мұра қалдыру. Менің өмірлік миссиям — Қазақстанның тәуелсіздігі мен болашағы үшін аянбай еңбек ету, елдің тұрақты дамуына, ұлттық мүдденің қорғалуына, және халықаралық аренада беделінің артуына өз үлесімді қосу. Сыртқы ықпалдарға қарамастан, еліміздің сенімді, тәуелсіз және өркениетті даму жолын жалғастыруына қызмет ету — мен үшін ең үлкен мәртебе болады.Уақытыңызды бөліп, менің үміткерлігімді қарастырғаныңыз үшін алғысымды білдіремін. Өз Отанымыздың дамуы мен нығайтуына үлес қосу үшін бірлесе күш жұмсаймыз деп сенемін. Қазақстанымыздың одан әрі нығайып, әлем алдында беделі артуы – бәріміздің ортақ мақсатымыз деп білемін, - дейді Ерасыл Рашидұлы.

***Әсемгүл ГАЛИМОВА***





## Абдулланың күміс жүлдесі

Әлемнің күміс жүлдегері Абдулла Дурсуновтың киокушинкай каратэ бойынша әлем чемпионатындағы жетістігі елімізге қуаныш сыйлады. Жақында алматылық жас спортшы Абдулла Дурсунов киокушинкай каратэден халықаралық турнирде екінші орын алды. Турнир Грузияда өтті, Абдулла бес жүз қатысушының ішінде ең жақсы нәтижелердің біріне қол жеткізді. Әрине, оның жаттықтырушылары Алексей Михайлович Гроза мен Николай Владимирович Зотенко бұл жеңіске баға жетпес үлес қосты.

***Әсемгүл ГАЛИМОВА***

# БІРЛІК СИМФОНИЯСЫ АЛМАТЫДА

**Жақында Алматы қаласындағы Республика сарайында ЮНЕСКО эгидрасымен ұйымдастырылған THE PLANET OF ART — 2025 халықаралық жастар фестивалінің музыкалық циклінің Гала-концерті өтті. Іс-шараны Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО клубтарының Федерациясы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясымен және А. Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесімен бірлесіп ұйымдастырды.**

Сахнада Әзербайжан, Армения, Гондурас, Үндістан, Қазақстан, Қытай, Корея, Қырғызстан, Латвия, Мексика, Нидерланды, Ресей, Румыния, АҚШ, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан және Швейцария елдерінен келген 18 елдің 12 мен 18 жас аралығындағы 40 лауреат өнер көрсетті. Олар вокал, аспаптық және хореографиялық бағыттар бойынша өз шеберліктерін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының симфониялық оркестрі сүйемелдеуімен, маэстро, «Astana Ballet» театры мен «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының бас дирижері, «Құрмет» орденінің иегері Арман Қуанышұлы Уразғалиевтың жетекшілігімен өнер көрсетті.

«Биылғы жылы жоба бұрын-соңды болмаған ауқымға жетті – фестивальге 18 елдің өкілдері қатысты, ал Гала-концертке екі жарым ыңнан астам көрермен жиналды. THE PLANET OF ART жыл сайын өз көкжиегін кеңейтіп, жаңа буынды ЮНЕСКО құндылықтарының рухындағы өзара түсіністікке, достық пен шығармашылыққа шабыттандырып келеді», — деді Дүниежүзілік және Қазақстандық ЮНЕСКО клубтары мен қауымдастықтарының Федерацияларының президенті Болат Оралұлы Ақшолақов.

Концерт бағдарламасына Абай Құнанбайұлының, Нұрғиса Тілендиевтің, Петр Чайковскийдің, Сергей Рахманиновтың, Антонио Вивальдидің, Жорж Бизенің шығармалары, сондай-ақ мерейтойлық және халықаралық мәдени оқиғаларға арналған заманауи музыкалық туындылар енді.

ЮНЕСКО эгидрасының аясыгда өткен THE PLANET OF ART халықаралық жастар фестиваліне биыл 20 жылдан аса ұйымдастырыл жатыр.




Осы кезеңде жоба әлемнің түрлі елдерінен шамамен 90 000 қатысушыны қамтып, ұлттық деңгейден халықаралық деңгейге дейін кеңейді.

2025 жылы фестивальдің музыкалық циклі Қазақстанның Дүниежүзілік ЮНЕСКО клубтары мен қауымдастықтарының Федерациясына төрағалық етуі аясында, Алматы қаласы Әкімдігінің, ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясының, ЮНЕСКО, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, ҚР Сыртқы істер министрлігінің, ЮНЕСКО-ның Алматыдағы өңірлік кеңсесінің қолдауымен өтті.

Фестивальдің басты мақсаты – дарынды жастарды қолдау, олардың шығармашылық әлеуетін дамыту, мәдениеттер арасындағы диалогты нығайту және «бейбітшілік мәдениеті» тұжырымдамасын ілгерілету. Жоба ресми серіктестердің – Eurasian Resources Group (ERG) және «Теңгизшевройл» компанияларының, сондай-ақ CNPC Aktobe MunaiGas, KazPetrol Group, TotalEnergies EP Kazakhstan, Shell Kazakhstan, «Саутс-Ойл» мұнай компаниясы, «КумкольТрансСервис» және «SMM-Ойл» компаниялары серіктестерінің қолдауының арқасында жүзеге асты. Осылайша, балалардың жобаға қатысуы тегін болды, бұл ауылдық және әлеуметтік аз қамтылған топтардан шыққан жастар үшін тең мүмкіндік жасады.

Жобаның серіктестері қатарында: Alt Sound, «Қазақстан» шипажайы, “Doscar” компаниялар тобы, “Samal” су бренді, “Metapsychology” халықаралық психология және даму орталығы, “Orlova Beauty Room” салоны болды.

Ақпараттық қолдау “The Steppe” басылымы мен “Almaty TV” телеарнасы тарапынан көрсетілді.

Іріктеу нәтижесі бойынша лауреаттар 26 қазан мен 5 қараша аралығында Қазақстанға шақырылып, кәсіби шеберлікті арттыруға және мәдени алмасуға бағытталған 10 күндік білім беру және мәдени бағдарламаға қатысты.

«Мен үшін THE PLANET OF ART — 2025 секілді ауқымды және шабыттандыратын фестивальде Әзербайжанды таныстыру үлкен құрмет болды. Бұл жай ғана шығармашылық алаң емес – бұл мәдениеттер тоғысатын, халықтар арасындағы достық пен түсіністік орнайтын орта. Фестивальдің әр күні музыкаға, эмоцияға және жаңа әсерлерге толы болды. Мен ұйымдастырушыларға өнердің осы керемет әлемін сезінуге және ЮНЕСКО эгидрасымен біріктірілген үлкен халықаралық отбасының бір бөлігі болуға мүмкіндік бергені үшін алғыс айтамын», — деді аспаптық бағыт лауреаты Исмаиладзе Джаларя Вагифқызы (Әзербайжан).

Ұйымдастырушылардың пікірінше, THE PLANET OF ART фестивалі әлемнің түкпір-түкпірінен келген жас таланттар арасындағы шығармашылық байланыстарды нығайта отырып, мәдениеттер диалогы мен халықтар достығын дамытуға үлес қоса береді. Бұл жоба өнердің адамдарды біріктіріп, шабыттандырып, өзара түсіністік пен гуманистік құндылықтарға негізделген болашақты қалыптастыра алатынының жарқын дәлелі болып табылады.

***Әсемгүл ГАЛИМОВА***





# ОН САУСАҒЫНАН ӨНЕР ТАМҒАН БАЛАЛАР



**Алматы қалалық Абдулла Розыбақиев атындағы № 153 орта мектеп-гимназиясының бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық еңбектерін газет беттерінде жариялаймыз. Дайындаған Әсемгүл Галимова.**

















RAMS Qazaqstan

- Чувствуйте свободу каждый день
- В малоэтажной резиденции Grande Vie вы будете наслаждаться чувством свободы
- благодаря светлым и просторным планировкам квартир от 111 м² .
- Клубная резиденция Grande Vie расположилась в экологически чистом районе в 5 мин от Esentai Mall .
- Получите рассрочку от застройщика .
- Оставьте заявку и выберите планировку от 111 м²!













# AHISKA

№ 41 (1057)

7 Kasım 2025 / 7 Қараша 2025 ж.

**Yayın Kurulu Başkanı:** Редакциялық кеңес төрағасы: Ziyatdin Kassanov / Зиятдин Касанов

**Genel Yayın Yönetmeni:** Бас редактор: Rovshan Memedoglu / Ровшан Мамедоглу

**Yazı İşleri Müdürü:** Бас редакторын орынбасары: Ahmet Atak / Ахмет Атак

**Kazak bölümü editörü** Редактор казахского отдела: Ağapaşa Kurbanov / Ағапаша Құрбанов

**Editör:** Әдеби редактор: Gina Takisheva / Джина Такишева

**Muhabirler:** Тілшілер: Kalbinur Khushnazarova / Кальбинур Хошназарова

**Tasarım:** Дизайн: Оксана Красножонова / Oksana Krasnozhonova

**Yayın Sahibi** / Меншік иесі
-
«Газета «AHISKA - АХЫСКА» ЖШС

**Kurucu** / Негізін қалаушы
-
Ziyatdin Kassanov
Зиятдин Касанов

Gazete, Kazakistan Cumhuriyeti Kültür ve Enformasyon Bakanlığı tarafından 9 Ekim 2008 tarih ve №9528-G ile tescil edilmiştir.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2008 жылғы 9 қазанда № 9528-Г тіркелді.

**Haftalık süreli yayın**
Апта сайын шығады

**Yönetim Yeri** / Редакция мекенжайы
-
050002, Kazakistan Cumhuriyeti, Almatı, Dzhangildina Cad., 31
050002, Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, Жангилдина к-сі, 31

**Telefon** / Телефон
-
+7 (727) 339 24 15

**E-Posta** / Э-пошта
-
ahiska60@mail.ru

**BasımYeri** / Баспа үйі
-
**АО «Алматы-Болашак»**
**г. Алматы, ул. Муканова, 223 В**

**Тел.раб. 8 (727) 378 40 08**

**SİPARİŞ** / ТАПСЫРЫС
**№ 41**

**TİRAJ** / ТИРАЖ
2 000 adet / дана


Editörler, yazarların makale ve reklamlarının içeriğinden sorumlu değildir. Yazarın makaleleri editoryal görüşleri temsil etmez. “AHISKA” gazetesinde yayınlanan materyal ve fotoğrafların kopyalanması veya düzenlenmesi için yazı işleri müdürlüğünden yazılı izin alınması ve gazeteye atıfta bulunulması gerekmektedir.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. «АХЫСКА» газетінде жарияланған материалдар мен фотосуреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасау міндетті.

KAZAKİSTAN CUMHURİYETİ AHISKA TÜRK KÜLTÜR MERKEZİ’NİN ULUSLARARASI YAYINI
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ «АХЫСКА»ТҮРІК ЭТНОМӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСЫЛЫМЫ

6+ – 6 жастан асқан балаларға арналған














